

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы әскери-техникалық саладағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 ақпандығы № 53 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заны 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған 2017 жылғы 16 қыркүйекте Ташкентте қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы әскери-техникалық саладағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 13 ақпандығы
№ 53 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы әскери-техникалық саладағы ынтымақтастық туралы келісім

(2018 жылғы 23 ақпанда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2018 ж., № 3, 30-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі

өздерінің Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына бейілдігін растай отырып,

2013 жылғы 14 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестік туралы шартты басшылыққа ала отырып,

Тараптар арасында қалыптасқан достық қарым-қатынастарды назарға ала отырып,

халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарына сәйкес екіжақты ынтымақтастықты қолдау бойынша бірлескен күш-жігерді жүзеге асырудың маңыздылығын мойындағы отырып,

екі мемлекеттің мұдделерін өзара құрметтеуге, сенім білдірге және ескеруге негізделген әскери-техникалық салада өзара тиімді ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа үмтүла отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес Тараптар арасындағы тең құқықты қағидаттар негізінде өзара тиімді әскери-техникалық ынтымақтастықты орнату және одан әрі дамыту болып табылады.

2-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес ынтымақтастықты мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

қару-жарақты, әскери техниканы, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, зияткерлік қызмет нәтижелерін, оның ішінде оларға ерекше құқықтарды (зияткерлік меншікті) және әскери-техникалық саладағы ақпаратты, конструкторлық, нормативтік, техникалық, технологиялық және пайдалану құжаттамасын, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларымен әскери мақсаттағы өнімге жатқызылатын кез келген басқа да өнімді қамтитын әскери мақсаттағы өнімді өзара жеткізуді жүзеге асыру;

қару-жарақ пен әскери техникаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау;

Тараптар уәкілдеп органдарының келісімі бойынша әскери мақсаттағы өнімді әзірлеу, шығару, жөндеу, жаңғырту және кәдеге жарату жөніндегі бірлескен кәсіпорындар, бірлескен өндірістер құру;

бірлескен ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-конструкторлық, оның ішінде қару-жарақ пен әскери техниканы жетілдіру мұддесінде жұмыстар жүргізу;

қару-жарақ пен әскери техниканы стандарттау, Тараптар мемлекеттерінің қарулы құштерін метрологиялық қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимыл;

әскери-техникалық кадрлар даярлау және оқыту;

әскери-техникалық көмек көрсету;

қару-жарақ пен әскери техника үлгілеріне бірлескен сынаулар жүргізу;

Тараптар уағдаластығы бойынша басқа да бағыттар.

3-бап

Тараптар ынтымақтастықты мынадай нысандарда жүзеге асырады:

әртүрлі деңгейдегі ресми делегациялардың сапарларымен алмасу;

сарапшылар мен мамандардың жұмыс кездесулері; әскери-техникалық бағдарламаларды өзірлеу; қару-жарап пен әскери техника үлгілерінің таныстырылымын өткізу; қару-жарап пен әскери техника көрмелеріне қатысу; теориялық және практикалық курстарға (тренингтерге), семинарларға, конференцияларға және өзара мұддені білдіретін тақырып бойынша кеңестерге қатысу; Тараптардың уағдаластығы бойынша басқа да нысандар.

4-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:

Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі және Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;

Өзбек тарапынан – Өзбекстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

Уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін дереу хабардар етеді.

5-бап

Осы Келісімнің шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында Тараптар әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен жұмыс тобын (бұдан әрі – жұмыс тобы) құрады.

Жұмыс тобының отырыстары кезекпен Тараптар мемлекеттерінің аумағында, әдетте, қажеттілігіне қарай Тараптардың уәкілетті органдарының келісімі бойынша жылына бір рет өткізіледі.

Жұмыс тобы әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы бағдарламаларды өзірлейді, сондай-ақ осы Келісімді іске асыруға байланысты басқа да мәселелерді қарайды.

Жұмыс тобы отырысының күн тәртібі Тараптардың алдын ала келісімі бойынша белгіленеді.

Жұмыс тобының отырыстары барысында қабылданған шешімдер тиісті хаттамалармен ресімделеді.

6-бап

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе, Тараптар осы Келісімді іске асыру барысында туындастын шығыстарды Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

7-бап

Осы Келісім шенберіндегі ынтымақтастық нәтижесінде алынған ақпарат Тараптар мемлекеттерінің мұдделеріне залал келтіру үшін пайдаланылмайды.

Қазақстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді беру және қорғау 2006 жылғы 4 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

Тараптар осы Келісім шенберінде алынған немесе ие болған әскери-техникалық ынтымақтастық туралы ақпаратты басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа, оның ішінде халықаралық ұйымдарға және шетелдік заңды немесе жеке тұлғаларға бермеуге міндеттенеді. Осы Келісім шенберінде бірлесіп жұмыстарды жүргізу кезінде Тараптар таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты беруі мүмкін.

Мұндай ақпарат тасығыштарға "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісі қойылады

Таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты алған Тарап оны қорғауды және қолдануды өз мемлекеттің заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Тараптар арасындағы таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты беру фактілері құжаттамалық түрде тіркеледі.

Тараптар арасында нақты келісімшарттар (шарттар) бойынша ынтымақтастық фактілерін немесе ынтымақтастық туралы басқа да мәліметтерді құпияда сақтау қажеттілігі туралы ақпаратты бір Тарап басқа Тараптың назарына алдын ала жеткізеді және (немесе) осы Келісім шенберінде Тараптар арасында жасалатын келісімшарттарда (шарттарда) айтылады.

Тараптардың өкілдеріне әскери объектілерге және әскери өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарына кіруге рұқсат беру Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындастырын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 11-бабында белгіленген тәртіппен күшине енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулар мен келіспеушілктерді Тараптар консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады

11-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады, ол аяқталғаннан кейін, егер Тараптардың бір де біреуі тиісінше алғашқы бес жылдық не кейінгі бір жылдық кезеңдер аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын өзінің осы Келісімді ұзартпау немесе қолданысын тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша басқа Тарапқа хабарламаса, автоматты түрде кейінгі бір жылдық кезеңдерге ұзартылады.

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаларды дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2017 жылғы 16 қыркүйекте Ташкент қаласында әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндер тең түпнұсқалы болып табылады.

Мәтіндер арасында алшақтық болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүргінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК